Сыр бойы

№25 (20299)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15 ақпан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

СҮБЕЛІ СӨЗ

• Ынтымақ – бүзылмайтын қорған,
Қосылып еккен ағаш – орман.

• Бірлігі бар елдің,
Белін ешкім сындырмас.

• Жұрт келгендей жиын болсын,
Жұмылған қолдай үйым болсын.

Телефон арқылы сөйлесті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтудың перспективаларын, оның ішінде Қазақстан Президентінің былтырғы қазан айында Ашхабадқа жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың іске асырылу барысын талқылады.

Президенттер өзара сауда-саттық көлемінің артқанына, энергетика, көлік, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастықтың жанданғанына көңілдері толатынын айтты. Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары бауырлас екі ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі кеңейтуге ниетті екендерін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президентіне шынайы құрметін білдіре отырып, Гурбангулы Бердімұхамедовтің кезектен тыс президент сайлауын өткізу жөніндегі шешімін қолдайтынын мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Түрікменстан басшысының саяси әрі өмірлік мол тәжірибесі осы мемлекеттің өркендеуіне септігін тигізері сөзсіз.

Бақылау күшейе түсті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады.

Кездесуде агенттік төрағасы Президент тапсырмаларының орындалуына қатысты атқарып жатқан жұмыстары туралы есеп берді. Ведомство капиталды заңсыз шығаруға жол бермеу мақсатында қаржы реттеушілерімен бірлесіп, күмәнді транс-шекаралық аударымдарға күшейтілген мониторинг жасау ісін жолға қойған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл тоқтатылған күдікті операциялардың саны 3 еседен асқаны және олардың жалпы құны 150 млрд теңгеге жуық екені баяндалды. Осы деректер бойынша тексеру шаралары жүргізіліп жатыр. Агенттіктің мәліметі бойынша шетелге ақша қаражатын шығарудың күрт көбейгені байқалмайды. Керісінше биыл шетелге аударылған қаржы 30 пайызға азайған.

Жанат Элимановтың айтуынша, мүдделі органдармен бірлесіп, қолма-қол валютаны заңсыз шығаруға бақылау күшейтілген. Жалпы сомасы 5 миллион АҚШ долларына жуық заң бұзушылық анықталған.

Сонымен қатар Қазақстан-Қытай шекарасында тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Үш аптаның ішінде тауарды заңсыз әкелу фактілері бойынша 8 қылмыстық және 24 әкімшілік іс қозғалды.

Нәтижесінде, тауар импорты көлемінің азаюына қарамастан, биылғы қаңтар айында бюджетке түскен кедендік төлемдер мен салықтардың мөлшері 20 пайызға (26,6-дан 31,7 млрд теңгеге дейін) өсті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «Тариф» жобасы бойынша коммуналдық қызметтердің 17 миллиард теңгеге өсуіне әкеп соқтыруы мүмкін 1,3 миллион азаматтың негізсіз шығынына жол берілмеді. 13 іс қозғалды (сумен жабдықтау – 8, газбен жабдықтау – 3, жылумен жабдықтау – 2).

Президент жариялаған «Балалар жылы» аясында Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп, «Қамқор» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын қорғауға бағытталған. Нәтижесінде 45 іс бойынша 800 жетім баланың құқығы қорғалды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы көлеңкелі экономикаға қарсы күресу үшін Агенттік төрағасына тиісті шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді. Президент заңсыз иемделген активтерді, соның ішінде шетелден іздеуге баса мән беру қажет екенін, сондай-ақ оларды Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру керектігін айтты. Бұл жұмыстардың бәрі тұлғаның кім екеніне және лауазымына қарамай жүргізілуге тиіс.

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс болған азаматтардың рухына мешітте құран бағыштағаннан кейін халыққа жасаған үндеуі

Ардақты ағайын!

Биылғы жыл еліміз үшін қайғылы оқиғадан басталды. Халқымыз өте қиын сынақты бастан өткерді. Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнді. Біз ланкестерге дер кезінде тойтарыс беріп, бетін қайтардық. Өкінішке қарай, дүрбелеңде көптеген азаматымыз қаза тапты. Бұл – нағыз қасірет.

Қазіргі таңда тиісті мекемелер азаматтардың әрбір ісі бойынша тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Адам құқығын қорғау мәселесі мен үшін аса маңызды. Қайғылы жағдай бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды. Осыған байланысты Жалпыұлттық аза тұту күнін жариялядық.

Сол қасіретті оқиғадан бері 40 күн өтті. Бүгін марқұмдардың рухына құран бағыштау үшін мешітке арнайы келдім. Қаза болған адамдардың жақындарына тағы да көңіл айтамын.

Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайды. Мен қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырдым. «Қазақстан халқына» қоры да осы қайырымдылық жұмысқа атсалысады деп ойлаймын.

Енді халқымыздың береке-бірлігі мен тыныштығын бұзуға жол бермейміз. Бұл – биліктің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ борышы. Мұндай қасірет ешқашан болмасын! Қазақстан халқына сабыр тілеймін!

Бәріміз тұтас ел болып, Жаңа Қазақстанды құрайық! Жаңа Қазақстан – баршамыздың ортақ үйіміз, оның іргесін бірге қалайық! Бұл өскелең ұрпақ үшін керек.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Телеарналардың өрісті қызметі

Ақпараттың сәт сайын жаңарып отыратын кезеңінде жылдам хабар таратуда телеарналардың орны ерекше. Әсіресе, қасіретті қаңтар оқиғасы кезінде ақпарат таратуды екі есеге күшейткен «QYZYLORDA» және «QOGAM» телеарналары халыққа шынайы деректерді жеткізе білді. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қос телеарнаға барып, редакцияның шығармашылық ұжымымен кездесті.

Алдымен өңір басшысы «QYZYLORDA» арнасының материалдық-техникалық базасымен танысты. «Жаңалықтар» қызметінің ақпараттық-студиялық блогы, виртуалды студия мен түсіру повильонының жұмысын көрді.

Телеарна директоры Жағыппар Қарабала ақпараттық саясатты қалыптастыру ісіндегі телеарнаның үлесі мен журналистер арасындағы сабақтастықты ерекше атап өтті. Сонымен бірге облыс әкімі телевизия саласының ардагерлері, журналистер және эфир тізгіншілерімен пікірлесіп, ақпараттық контентті әрі қарай ілгерілету жолдарын сөз етті.

Телестудия алаңына келген облыс әкімі жаңа форматтағы «11 студия» бағдарламасының қонағы болып, Сыр халқын алаңдатқан сұрақтарға жауап берді. Сұхбатта қасіретті қаңтар оқиғасы, егінге дайындық барысы, Сырдария өзені суының жағдайы мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобалар мен кәсіпкерлік мәселелері қозғалды.

Мұнан кейін аймақ басшысы «QOGAM» телеарнасына барып, ұжыммен кездесті.

Жаппай тәртіпсіздік кезінде облыстық сот ғимаратында орын алған өрт телеарнаға да залалын келтіріп, бірнеше кабинеттер мен шағын студияны да от шарпыған. Қазір телеарна жұмысын қайта қалыпқа келтіріп, хабар таратуды жалғастыруда.

Телеарна құрылтайшысы Шәкизада Әбдікәрімов сандық хабар тарату форматына көшіру мәселелері мен жас журналистердің тәжірибесін толықтыру сынды ойын ортаға салды.

Облыс әкімі телередакция ұжымына шығармашылық табыс тілеп, мемлекеттік саясатты ақпараттандыру, өңірдегі өркенді істерді тұрғындарға жеткізу ісінде табандылық танытып жүрген БАҚ өкілдеріне шынайы алғысын жеткізді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен айда мәжіліс отырысында Үкіметке «ӨКМ операторы» компаниясының утиль алымына иелік етуін тоқтату бойынша іс-шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Ақпанның соңына дейін кәдеге жарату алымының жаңа мөлшерлемесі ұсынылатын болды. Сондай-ақ, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жеңілдетілген автонесие бағдарламасын әзірлеуде.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

КӨЛІК НАРҚЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ?

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің бұл жобасына қазірдің өзінде екінші деңгейлі банктерден 15 мыңнан астам өтінім түскен. Бағдарламаға кез келген қазақстандық азамат қатыса алады. Алайда олардың басқа несиесі бар-жоғы мен қарызды қайтару мүмкіндігін зерттеп, автонесиені беру-бермеу жөніндегі шешімді банк қабылдайды.

Бұған дейін министрліктің басқарма басшысы Руслан Хисамудинов жеңілдетілген автонесиелендіру бағдарламасына 150 млрд теңге қаржы қарастырып, оны 2022-2025 жылдар аралығында кезең-кезеңімен игеру ұсынылғанын мәлімдеген. Әзірге несие көліктің толық құнына рәсімделе ме, жоқ па, белгісіз.

3-бет

БҮГІН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ

Азаматтар ардақталса игі

Биыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толды. Нақтырақ айтқанда, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан соңғы Кеңес әскерлерінің әкетілуі аяқталған еді.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Бас-аяғы 110 айға созылған соғыс қанша жауынгердің өмірін қиып кетті, қаншамасы мүгедек болып елге оралды. Деректер бойынша, Қазақстаннан Ауған соғысына 22 мыңнан астам жауынгер барған. Оның ішінде 827 адам біздің облыстан аттанса, оның 18-і сонда қаза тапқан.

– Оның ішінде 30-дан астам жігіт әртүрлі жарақатпен мүгедек болып оралды. Қазір Ауған жерінде болған жігіттер 600-ге жетпейді. Сол жақтан оралысымен о дүниелік болғандар бар. Әсіресе, кешегі пандемия кезінде де 7-8 азаматтан айырылдық. Шыны керек, жасы келген сайын олардың да жағдайы нашарлап келеді. Сенсеңіз, соғыстан жүйкесі жұқарған жігіттеріміздің

кейбірі суицидке барды. Өйткені, жүйке тозған, – дейді Ауған соғысының ардагері, аймақтағы «Ерлік» үйлестіру кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайраддин Баймаханов.

Жыл сайын атаулы күні ғана Ауған соғысына қатысқан ағаларды іздейтініміз өтірік емес. Ұрпаққа «міне, осындай әкелер жат жерде Отанын қорғады» деп баға беретін ардагерлердің саны жыл сайын азайып барады. Көбі жоғарыда айтқандай, ішкі жан күйзелісінен арылмай, ауру арқалағандар. Соғыс салған жараның кесірінен кеселге ұшырағандар.

4-бет

Жарқын болашаққа негіз болған сапар

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барды. Бұл – Қазақстан Президентінің осы елге жасаған биылғы алғашқы сапары. Екі күннің ішінде, яғни 10-11 ақпан күндері Мемлекет басшысы әуелі Мәскеуде, содан кейін Ресейдің қарқынды дамып келе жатқан аймағы – Татарстан Республикасында болды.

Біздің Президентіміз Владимир Путинмен Мәскеуде жоғары деңгейде мазмұнды, ең бастысы табысты кездесу өткізді. Екі көшбасшының айтуынша, 4 сағаттан астам уақытқа созылған әңгіме Қазақстан мен Ресей арасындағы күн тәртібінде тұрған қазіргі өзекті мәселелерді ашық әрі өзара сенім негізінде талқылауға мүмкіндік берді.

Келіссөз форматының ашық болғаны сондай президенттер әлеуметтік ара қашықтықты сақтамай, қол алысып, бір-бірімен төс қағыстырып амандасты. Осыдан-ақ кездесудің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын байқауға болады. Қазіргідей «ковид» кезінде мұндай жоғары деңгейде қабылдау – сирек кездесетін жағдай. Иран, Франция сияқты елдердің Президенттерін салқын қабылдап, олармен үлкен ақ үстелдің екі басында отырып келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің кездесуі Кремльдің Каминный залында өтті. Хаттама бойынша президенттер бір метр ара қашықтықта отырды. Қазақстан Президентімен кездесудің ерекше форматта өтуі екі елдің шынайы достық қарым-қатынаста екенін көрсетеді. Мұндай ерекше ілтипатты былтыр жыл соңында Санкт-Петербургте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттердің саммитінен де байқауға болады.

Владимир Владимирович пен Қасым-Жомарт Кемелұлы қала көшелерімен жүргенде бір көлікке отырып, мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастарды талқылады.

Екі ел басшыларының Кремльде өткен келіссөздері білім беру, цифрландыру, ғарышты игеру салалары мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бағытында мамандар даярлау ісі бойынша маңызды келісімдер топтамасына қол қоюмен аяқталды.

Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары желісін кеңейту, сондай-ақ біздің «Болашақ» бағдарламасы аясында қажетті мамандар даярлау жөнінде маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл бағыт бойынша Алматыда МИФИ-дің, Атырауда Губкин атындағы университеттің филиалдарын ашу жұмыстары басталып та кетті. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетімен және басқа да бірқатар оқу орнымен олардың өкілдіктерін ашу жайында келіссөздер жүргізілуде. Қазақстанның «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы Ресей Федерациясының МИФИ, МФТИ, Губкин атындағы РМУ, Бауман атындағы ММТУ, ИТМО, МИСиС сияқты жетекші алты техникалық университеті мен «Болашақ» бағдарламасы аясында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды.

Осы тұста аталған мәселе бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлының аса пайдалы ұсынысын қолдаған Владимир Путиннің ерекше ықыласын атап өткен жөн.

Қазақстан Президентінің пікірінше, осы игі бастамалар жастарымыздың озық техникалық білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ресей Федерациясы Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі цифрландыру саласында тәжірибе алмасу туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат цифрлық даму саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, соның ішінде екі елдің мемлекеттік қызметшілеріне қажетті техникалық және ұйымдастырушылық дағдыларды үйретуге бағытталған.

Сондай-ақ тараптардың цифрлық сала басшыларын даярлау бағдарламасын бірлесіп іске асыру, IT мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттырудың қарқынды бағдарламасын іске қосу, Astana Hub халықаралық технопаркі базасында цифрлық трансформация құралдарын қамтамасыз ету және қолдау жөнінде келісім жасалды. Сонымен бірге елдеріміздің цифрлық трансформациясы аясында жасанды интеллект құралдарын қолдану және ауқымды деректерді талдау саласында тәжірибе алмасуға уағдаласты.

Келіссөз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Трансмашхолдинг» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы маңызды келісіммен қорытындыланды. Бұл құжат маневрлі және магистральды локомотивтерді, жүк вагондарын және Ресей теміржол машина жасау саласының басқа да өнімдерін жеткізуді көздейді. «Трансмашхолдинг» – темір жол машинасын жасау саласының ірі өндірушісі және ұзақ жылдан бері Қазақстан темір жолының негізгі серіктестерінің бірі.

Кездесу барысында Владимир Путин Ресейдің Қасым-Жомарт Тоқаевты барынша қолдайтынын айтты.

– Біз Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы одан әрі кеңейіп, арта түсетініне сенімдіміз. Қазақстан Президенті өз елінде азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықты жоюға, экономиканы жаңғыртуға, елдің күштік құрылымдарын нығайтуға бағытталған бірінші кезектегі шаралардың кешенді жоспарын іске асыра бастайтынын айтты. Біз қазақстандық әріптестерімізге бекітілген жоспарларының табысты орындалуына тілектеспіз және бұған жан-жақты көмектесуге дайынбыз, – деді Ресей Президенті.

Биыл Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынастар тарихында атаулы дата бар екенін атап өткім келеді. Бұл елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы.

Осы уақыт ішінде мызғымас достыққа, ортақ тарихқа, Қазақстан мен Ресей халықтарының менталдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, жоғары деңгейдегі басшыларымыз мемлекетаралық үлгілі ынтымақтастық орнатты. Осы ынтымақтастық барлық сала бойынша зор жетістік пен табысқа қол жеткізді. Біздің мемлекеттеріміз арасындағы өзара қарым-қатынастар халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесуі өте нәтижелі болды. Бұл жүздесуде елдеріміз арасындағы іскерлік серіктестікті одан әрі ілгерілету мәселелері талқыланды. Президент барлық күш-жігерді, ең алдымен, сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге шақырды.

Мәскеудегі табысты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы жұмыс сапарын Татарстан Республикасында жалғастырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы мыңжылдық тарихымен және аса бай мәдени мұрасымен танымал Қазан қаласына алғаш рет ат басын бұрды.

Қазақ пен татар ежелден төскейде малы, төсекте басы қосылған туыстас халық. Біздің тарихымыз ортақ, діниміз бен тіліміз бір. Сонау XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный Қазанды басып алғандағы қырғын біздің фольклорымызда ерекше із қалдырған. Қазақтың «Шора батыр», «Нәрік батыр» жырларында осы шайқастар баяндалады. Сонда Қазанды жау қоршады деп аттанып бара жатқан қазақтың батыры Шора:

«Нәріктің ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қан жаумасын, қар жаусын,
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумасын, қан жаусын», –

деп жырлаған екен. «Қазан жорығы» деп аталатын күй де бар.

Ал тұтас ұлтты жаңа сапаға көтерген Алаш зиялыларының да қызметі мен өмірі осы Қазан қаласымен тікелей байланысты. Көбі осында білім алып, татар аруларына үйленді. Татар автономиясы мен Алаш автономиясы үнемі тізе қосып, бірге күрескенін тарихтан біледі. Қазақтың алғашқы кітаптары да осы қалада басылды. Көрнекті Алаш қайраткері Уәлитхан Танашұлы Қазанда өмір сүріп, татар үкіметінде қызмет істеген. Демек, туыстас екі халық ежелден жұбын жазбаған. Татар ағайындардың қазақ халқына деген айрықша ықыласы ғасырлар бойы жалғасып келеді.

10 ақпан күні ақшам уақытында белгілі татар ақыны Ғабдолла Тоқай атындағы Татарстан астанасының халықаралық әуежайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Республика басшысы Рустам Минниханов пен оның делегациясы қарсы алды. Ақын есімінің елімізбен тығыз байланысты болуының да астарында бір сыр бардай. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен Ғабдолла Тоқай небәрі 26 жасының 12 жылын Орал қаласында өткізген. Осы жерде татар әдебиетінің алтын қорына енген бірқатар туындысын жазып үлгерді. Орал қаласында оның құрметіне қойылған бюст пен көше атауы бар. Қазақстанның басқа қалаларында, соның ішінде Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентте ақын Ғабдолла Тоқай атындағы көшелер бар.

Біздің сапарымыз кезінде Қазанда қар жауғанымен, аяз аса қатты болған жоқ. Қаланың көркі көз тоятындай. Қазан – тарихы терең заманауи мегаполис.

Мемлекет басшысының Татарстанға сапары ғасырлық тарихы бар Қазан Кремлінен басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев мұнда «Құл Шариф» мешіті мен Благовещенский соборын аралап көрді. Президент бір-бірінен қол созым жерде тұрған мұсылман мешіті мен православ шіркеуінің орналасуын достық символы деп атап өтті.

Қазан Кремлінің аумағында Президент сарайы орналасқан. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рустам Минниханов осында ресми делегациялардың қатысуымен екіжақты кездесу өткізді. Қазақ көшбасшысының республикаға сапары кезінде Татарстан басшысы бірге жүргенін атап өткен жөн. Араларында достық қатынастың орнағаны айтпаса да түсінікті. Бұл – олардың соңғы 10 айдың ішіндегі үшінші кездесуі.

Кездесу басында Президент мемлекеттік тілде сөз сөйлеп, дипломатиялық қызметі аясында және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында жүргенде алты құрлықты араласа да, Қазан қаласына алғаш рет келіп отырғанын айтты. «Мұным ұят болды, бірақ ештен кеш жақсы» деп әзілдеді Президент.

Осы кездесуге Татарстандағы қазақтардың ұлттық-мәдени автономиясының басшысы Сағит Жақсыбаев та келіп, Қасым-Жомарт Тоқаевқа қазақ қауымдастығының құрылу тарихы мен қызметі жөнінде айтты. 1992 жылы ол Татарстан халықтары Ассамблеясының негізін қалап, 2007 жылға дейін осы ұйымды басқарды. Қазіргі уақытта республикада 2 мыңға жуық қазақ тұрады, олардың басым көпшілігі – студенттер.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық кооперацияны дамытуға баса мән берілді. Қазақстан мен Татарстанды екі халықтың тарихи тамырының, рухани құндылықтарының жақын болуы ғана емес, белсенді экономикалық қатынастар да тығыз байланыстырады.

Ресей субъектілерінің ішінде жетекші орын алатын және даму қарқыны жыл сайын үдеп келе жатқан Татарстанның Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығының ауқымды болуы осының айқын дәлелі.

Татарстан экономикасының флагманы болып саналатын «ТАНЕКО» мен «КАМАЗ» компанияларын өзара іс-қимылдың жарқын мысалы ретінде атауға болады. Қазақстан Президентінің Нижнекамск және Набережные Челны қалаларында орналасқан зауыттарды аралап көруі Татарстанға сапарының ең маңызды бөлігі болды. Бұл корпорациялардың елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына қосқан үлесі зор екені сөзсіз. Мысалы, қазір Қостанай және Қарағанды облыстарында КАМАЗ автобөлшектері мен «Татнефть» автокөлік дөңгелектерін шығаратын зауыттарды салу бойынша үш жоба белсенді жүзеге асырылмақ. Бұл компаниялардың қатысуымен тағы да үш ірі жоба қолға алынады. Өз кезегінде Татарстанда қазақстандық капиталдың қатысуымен 40-қа жуық бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Нижнекамск қаласындағы «ТАНЕКО» кешенін аралау барысында «Татнефть» кәсіпорнында тағылымдамадан өтіп жатқан қазақстандық жас мамандармен кездесті. Жуырда «Татнефть» компаниясы мен Семей қаласының геологиялық барлау колледжі арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Нәтижесінде, биылдан бастап қазақстандық колледждің студенттері осы кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтетін болды. Осындай кездесу Набережные Челны қаласында да өтті. «КАМАЗ» компаниясының зауытында біліктілігін арттырған қазақстандықтар, елге оралған соң Қостанайдағы осы кәсіпорынның зауытында жұмыс істейтін болады.

Татарстан – Ресейдің барлық жағынан дамыған аймағы. Бұл республика өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, технологиялық дамуда қуатты серпіліс жасай алды.

Қазан қаласында Қазақстан Президентінің құрметіне Татарстан Президентінің атынан салтанатты қабылдау мен концерт ұйымдастырылды. Шара аясында қазақ, татар, орыс халық әндерімен қоса Шәмші Қалдаяқов пен басқа да композиторлардың туындылары орындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір іссапардан елге оралған сайын дәстүрлі түрде ел ішіндегі және шетелдік сапарлардың нәтижесі туралы әсерімен бөліседі. Осы сапарға қатысты Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына қысқа мерзімді, бірақ өте мазмұнды сапарының нәтижесіне көңілі толатынын, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықты одан әрі нығайту тұрғысынан табысты болғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жасаған осы жолғы сапары мен жоғары деңгейде өткен келіссөздерін Қазақстан мен Ресей арасында кейінгі жылдардағы кездесулердің ішіндегі ең маңыздысы деп есептейді. Ресей Президенті де осындай көзқараста деп ойлаймын.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы.
«Egemen Qazaqstan»

Мәмілеге келуге шақырды

Соңғы уақытта жер телімдерін иеленуге қатысты Сырдария ауданындағы «Шаған жер» ЖШС шаруалары арасында өзара түсінбеушіліктер туындап, дауға ұласты. Екі тарап арасындағы ортақ мәселелерді шешу мақсатында бірнеше рет кездесулер өткізіліп, облыс әкімдігі тарапынан тиісті түсіндірмелер де жүргізілген. Дегенмен, мәселе оң шешімін таппады.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі шаруалармен кездесіп, талабын тыңдап, заң аясында ортақ мәмілеге келуге шақырды.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғаниев, облыс прокуроры Нұрлан Бижанов, құқық қорғау органдарының басшылары және аудан әкімі Мұрат Ергешбаев пен салалық басқарма басшылары қатысты.

Аймақ басшысы серіктестіктің ішінде орын алған дау-дамай бірнеше жыл қатарынан көтеріліп, біраз ағайынның арасына жік түскенін атап өтті және мәселені байыппен, қызбалыққа салмай шешім қабылдауға шақырды.

«Біз үшін ең маңыздысы – ағайынның ынтымақ-бірлігі. Өздеріңіз білесіздер, әкімдік шаруалардың ішкі мәселелеріне, шешім қабылдау процесіне араласпайды, тек түсініктеме жүргізіп, медиация тәртібімен шешу жолын ұсынамыз. Дегенмен, бүгінгі таңда үлескерлер бөлінген жер телімдеріне қанағаттанбай, бір-бірімен келісімге келе алмай отыр. Сондықтан қазіргідей қиын жағдайда тартысқа берілу орынсыз. Егін егу уақыты жақындаған тұста аяқсу тапшылығынан тиімді түрде шығу үшін бірігіп әрекет етуіміз қажет. Тағы бір мәрте ойланып, барлығын әділетті түрде келісуге шақырамын», – деді облыс әкімі.

Жиында қос тараптың азаматтары сөз алып, мәселелерін ортаға салды. Серіктестік басшысы Жеңісбек Сыздықов пен үлескер Серікбол Орынбаев өзара түсінбестіктің салдарын жеке-жеке айтып, өз ұстанымдарын білдірді. Сондай-ақ, облыс прокуроры Нұрлан Бижанов серіктестік өкілдеріне өзара келісімге келіп, дауларын заң аясында реттеуге шақырды.

Кездесу соңында облыс әкімі ел игілігі үшін ортақ мәмілеге келудің маңызды екенін және әділетті қадамдар арқылы орнықты шешім қабылдау қажет екенін еске салды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«Жастар» ресурстық орталығында 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітап сыйла» акциясы өтті. Шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас қатысты.

Sb **Гүлбану МАҚАЖАН,**
«Сыр бойы»

Артық ғылым кітапта

Акцияны облыстық жастар ресурстық орталығы, «Сыр үміті» жастар қауымдастығы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Кітап құрттары» клубы бірлесіп ұйымдастырды. Шараға қатысушы зиялы қауым өкілдері ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұра – кітап екенін айтып, жастарды кітап оқуға, сол арқылы білім жетілдіруге шақырды.

– «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп дана Абай айтқандай, адам үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта. Өткеннің рухы, келешектің кілті, мәдениеттің биік шыңы да осы кітапта жатыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітап оқу мен кітапханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін айрықша атап айтты. Қоғамның рухани бай болуы үшін кітап оқылуына үн қосу – баршамыздың міндетіміз. Бүгінгі шарада жастар бір-біріне кітап сыйлап қана қоймай, рухани азық алуына себепкер болады, – деп М.Қазбекова жастарды кітап оқуға үндеді.

Сала басшысы Сыр жастарына М.Мырзахметұлының «Абайтану» кітабын сыйлады. Сонымен қатар кітапханашылар Айжан Болатқызы, Шолпан Айжарыққызы, Сәуле Бегалықызы және қаламыздағы «Kitap al» дүкендер желісінің негізін қалаушы Нұрбек Досболұлын алғыс хатпен марапаттады.

– Денри Дидроның «Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды» деген сөзі бар. Толстой өз кезегінде «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» деп пікір білдірген. Жастардың рухани байлықтан қол үзбеуіне барлық мүмкіндік бар – деген Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас жастарды кітапханаға шақырды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Аружан Саруарбек «Кітаптан іздеп табасыз» атты баяндама жасап, қаламыздағы кітап дүкендеріне шолу жасады. «Kitap al» дүкендер желісінің негізін қалаушы Нұрбек Досболұлы кітап сатып алушылардың дені жастар екенін айтты. Ал Қытайда білім алған Фархат Орынбасар жаңадан ашылған кафе-терийіне кітап сөрелерін қойған. «Адам табысқа біліммен ғана жете алады» дейді жас кәсіпкер.

Акция соңында жастар өздері әкелген кітаптарын орталық кітапханасына табыстап, бір-бірімен кітап алмасты.

З.ШҮКІРОВ – 95

Тағдырымен тайталасып жүріп, қазақ әдебиетінің қорына қомақты дүниелер қосып кеткен ақын, жазушы Зейнолла Шүкіровтің өмірі мен шығармашылығына арналған әңгімелер мен естеліктер көп.

Ертең Зейнолла Шүкіровтің туғанына 95 жыл толады. Соған орай «Бір жұлдыз болып жанам мен...» деген кітаптан қаламгер Әбдіғани Аймағанбетов жазған төмендегі туындыны ұсынып отырмыз.

Зейнолла ақынның махаббаты



1960 жылдың күзі болатын. Мен ол кезде Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінің үшінші курс студенті едім. Қызылорда қаласына сол кезде «қазақтың Островскийі» атанып, өлең-дастандарымен әдеби қауымды дүр сілкіндірген Зейнолла Шүкіровтің көшіп келгендігі жөнінде ақын Қомшабай Сүйінішев, жазушы Нәсіреддин Сералиевтер студенттерді хабардар етті.

Барак типтес үйдің, бір басының екі бөлмесіне қоныстанған екен. Қасында шешесі және Алпысбай деген інісі. Кеуделі адам, бірақ бөкселеген төменгі жағы солып қалған, бізбен жамбастап жатып амандасып, жөн-жосығымызды айтқасын қуанып қалды. Жанындағы мандолинасын алып, шертіп отырып бір-екі ән айтты. Сәйткенше шай келді. Кейінгі жазған өлеңдерін оқып, біраз отырдық. Дүние жүзінің әдебиеті жөнінде әңгіме қозғағанда 2 сынып бітіріп, белінің жұлыны кетіп, құныс болған адамның сауаттылығы бізді таңғалдырды. Өзінің бір көзі әйнектен екен, ой, Алла, бір айналдырғанды қойсайшы, бір көзі ауырып дәрігерге көрінсе, ол басқа дәрі тамызып, сол ауырған көзі істен шыққан.

Біз кетуге ыңғайландық. Бізге: «Келіп тұрыңдар маған, келгендерің көңілімді көтереді, қыздарың болса, ертіп келіңдер» – деп, тамақ ішіңдер деп ақша берді. «Алмаймыз» деп қашқақтаған болып едік, «Алыңдар, үш-төрт кітабым шықты, ақша жетеді, тек сендердің жиі келгендерің жетпейді» – деп мұңайғандай болды.

Содан анда-санда соғып тұрамыз. Өзі бір жерге баратын болса, институт басшылығына телефон соғып, біздің біреуімізді сабақтан шақыртып алады. Бізді осы арасы қинайды. Тамаққа тоқ, тірі адам өте ауыр болады екен, әрең көтеріп жүреміз, кейде кезек-кезек көтеріп, көше аралатамыз. Сондайда танысы кездессе әңгімелесіп, бізді тұрғызып қояды. Түсіріп аламыз ба деп зәреміз қалмайды. Кезек көтеріп, жан сақтаймыз.

Бір күні сол үйге бара жатқанда Ажар деген ауылдас, курстас қыз кездесіп, ағайға барсаңдар мен де сәлем берейін деп бізге ілесті. Барғасын қызды көріп, ағамыз тіктелді. Көзі күлімдеп, жүзі нұрланып, ән салды. Ажар да әнші еді, екеуі қосылып үйді думанға бөледі, әрі-беріден соң қасына шақырып алып, қолынан ұстап, белінен құшақтады. Қыз қашқалақтамады. Бойын тіктей алмайтын ақынның көңілі көтерілсін деген болуы керек.

Кейін де сол үйге барып жүрдік. Бір күні ағамыз: «бір оңаша үй тауып, кеш ұйымдастырыңдар, ауылдың қыз-жігіттерін қалдырмаңдар, мен Алматыға дәрігерге аяғыма операция жасатуға жүрмекшімін, жолаағым болсын, шығыннан қашпаңдар, өзім өтеймін. Тек обязательно Ажар келетін болсын», – деп тапсырды.

Сонымен кеш ұйымдастырдық. Бірсыпыра жастар өлеңдерін оқыды. Бұл күні Зейнолла мен Ажар қатар отырды, қызды құшақтап отырып, екеуі қосылып ән салды. Кеш думанды өтті. Жұрт тарағасын: «Аға, Ажарға ғашық болғаннан саусыз ба?» деп күліп сұраған едік. Сәл мұңайған кейіппен «жүрек жанып тұрғанмен, домаланып қалған маған Ажар қарай ма, тек көңілімді аулап жүрген шығар» деді төмен қарап. Сосын бізге қарап:

Ақ алма, қызыл алма жемедің бе?
Тәтті алма қайдан шықты
демедің бе?
Жүгіртіп Айжарықты жіберіп ем,
Ажар-ау, кім жіберді демедің бе? – деп әндетті. «Иә, біздікі көңіл делбеу ғой, жаралы тынысым кеңіп, бір рахат сезім дүниесін кезіп кеткендей боламын, енді жолға жүру қамын ойласайық» деді.

Облыстық комсомол комитетіндегілер Зейнолланы Алматыға көтеріп баруға мені үгіттеген болатын. Институттан да рұқсат беретін болған. Емтиханды қайтем дегенде, одан қам жеме, қойдыртып береміз деген сөз сабаққа құлқым аздау маған бостандыққа шыққандай әсер етті. Келіскенмін. Зейнолла осыны пысықтай келе, жолға жүретінімізді, билеттің алулы екенін айтты. Бұл 1961 жылдың көктемі еді.

Республика комсомол комитеті мен Жазушылар одағы ұйымдастырған жас талапкер ақын-жазушылардың жиынына да қатысатын болдық. Алматыда біздерді Әбу Сәрсенбаев, Сайын Мұратбеков, Қабдықәрім Ыдырысов, Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиевтер қарсы алып, сол кездегі «Қазақстан» қонақ үйіне орналастық. Әскери госпитальдан орын күтіп, бір айдай жатып қалдық. Зейнолланы осында орналастырып, қонақ үйдегі ақын-жазушылардың ырду-дырдуынан құтылып, мен Қызылордаға қайтып келіп, оқуымды жалғастырдым. Жазға салым операция жасатып Зейнолла да оралды. Бірақ Алматының емі аяғына өзгеріс әкелмепті. Менің қуанғаным – мені Алматының ҚазМУ-іне 4-курсқа ауыстыруға келісіп келіпті. Келе Ажарды шақырып беріңдер дегесін, қызды тауып алып келдік. Екеуін оңаша қалдырдық. Екі-үш ай өткенде Ажардың Алматының бір жігітіне тұрмысқа шыққанын естідік. Мұны ағамызға қалай айтудың ретін таппай жүргенімізде, бұл хабарды өзі естіп біліпті. Мен Алматыға кетерімде Ажарға тапсыр деп төмендегідей өлеңін өз қолымен жазып беріп еді.

Сол минут еске түссе өкінемін,
Алыстан бір сені аңсап жетіп едім.
Жарқ етіп шыға келдің
қарсы алдымнан,
Шын қабыл болғаның ба, о, тілегім.

Тілдестік... Ақ жүзіңді
маған бұрдың,
Жалт етіп бұрылдың да қара үздің.
От салып арамызды алыстатқан,
Білсем-ай, қандай ғана
«арам құзғын».

Ақ пейілің қайда, қайда бұрындағы,
Күйіктен шыбын жаным
шырылдады.
Жалғанда сен едің ғой қуанышым,
Жалғанда бір сен едің мұңым-дағы.

Алдыңда кінәм болса – адалдығым,
Не болды, сырт айналып
саған бүгін?!
Айтылмай кетті ішімде
арман, арман,
Айтылмай кетті ішімде амандығым.

...Күн өтті, күрсінумен айлар өтті,
Сол мінез қаңғыртты да, қайран етті.
От түсті өзегіме... дәруі не?
Жүректі сөндіресің қайдан өртті.

Өтті айлар, жарылқады қай тәңірім,
Кездестік тәңір айдап қайта бүгін.

Дастархан, әуелеп ән, қызған думан,
Дүрсілін жүрегімнің байқады кім?

Сонда да серпілмеді, қайғым қалың,
Өзің жайған дастархан,
қайырылмадың.
Жалтақтап қарай бердім ақ жүзіне,
Бейне бір байқағандай айдың дағын.

Дүние түнеруге айналғасын,
Кеудеме сылқ түсті қайран басым.
Деуші едім күліп тұрса сенің жүзің,
Деуші едім пәк көңілімді
қайғы алмасын.

От шарап, бір шыныаяқ
құйып ішкен,
Өртеді жүректі дерт күйінішпен.
Жеген дәм, жұтқан ауа у татыса,
Кім шыдар өзін күштеп тыйып іштен.

Көз алдым дүние тұман болып
көшкен,
Адамдай алқындырды өрт кешкен.
Қайлы едім, сол шыныаяқ
құрдым болып,
Түншығып бір-ақ батып өліп кетсем.

Дариға, өліп кетсем, өліп кетсем,
Дүниеден сені дос деп сеніп кетсем.
Арман не, жан досым деп у шарапты,
Деміңмен жалғыз үрлеп төгіп кетсең.

Ой жым-жырт, дүние дуды
тия тұрды,
Бұл не өзі, қабақ па, әлде театр ма?
Досыңмын деуші едің ғой,
қансырасам,
Өзің ғой жүрек қанын құятын да.

Дедің бе, әлде өртенсін ұятына,
Досты дос жамандыққа қиятын ба?
Болмаса бұл дүниеде бір сенер жан,
Әкел у шарап, құрысын, құй ақынға.

Бері әкел, уың болса суардағын,
Кеудемде өшсін бірге мың арманым.
Көрейін жаның қалай жай тапқанын,
Көрейін қандай екен қуанғаның.

Кетейін тастап иесіз азап үйін,
Бұл думан болсын менің аза күйім.
Кебінім болсын менің махаббатым,
Дүниеде кірсіз жалғыз таза бұйым!

Қош сәулем, арашалап алма жұдә,
Ұрындым, обалым жоқ, қанжарыңа.
Құйып ал, қаным мынау,
бал шарап деп,
Той күні ұсынарсың жан жарыңа...

Мен сияқты қарапайым хат тасушыға ақын жүрегінің махаббатын жеткізуге күш қайда, Ажарды тауып алып, өлеңнің көшірмесін бердім. Ол өлеңді оқып: «Мүгедек жанды мүсіркегеннен басқа менде не хал бар? Алматыға кеткенім де сол, ол арада жүрсем өзім де көргім келеді де тұратын, мұңлы жанның жүрегін жараламайын дедім, қыз күнімдегі суретім еді, ескерткішке ағама апарып берерсің» деп әдемі суретін ұсынды. Сыртына: «Сізді өмір бойы сыйлап, сүйіп өтетін қарындасың А... Бізді құдай жұпты қылуға жазбаса да, сүйіктің болғаныма өзімді бақытты санаймын» деп жазған суретін Зейноллаға 1964 жылы жазда оқу бітірерде табыстадым. Оны өзі кейінірек үлкейтіп алыпты.

Ажардың сол сөзін менің күркемде отырып, Сағи мен Ғафуға оқып беріп: «Мына сөздердің өзі менің ынтызар көңілімді сабасына түсірді ғой» деп толқып сөйледі.

Зейнолла ақынның жүрек қаны тамшылағандай осы махаббат жырын тауып алып, жастарға үлгі болсын, өз махаббатарын көкірегінде аялай білсін деген ниетпен баспаға ұсынуды жөн көрдім.

Бақұл бол, ардақты әріптес!

2022 жылдың 12 ақпанында облыстық ішкі саясат басқармасы мониторинг және талдау бөлімінің бас маманы Нұртаева Шахарбан Өзбекбайқызы дүниеден өтті.

Ш.Нұртаева 1976 жылдың 23 қаңтарында Қармақшы ауданында туған. 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін еңбек жолын №183 орта мектепте мұғалім болып бастаған. 2001 жылдан Қармақшы ауданы әкімінің аппаратында жетекші маман, бас маман, 2007 жылдан бері облыстық ішкі саясат басқармасының бірнеше бөлімінде бас маман, бөлім басшысы болып еңбек етті.

Осы жылдар ішінде ол аймақтағы қоғамдық-саяси ахуалды зерделеп, мониторинг жүргізу ісіне үлкен үлес қосты. Басқарма жанындағы ақпараттық талдау орталығы жүргізген барлық әлеуметтік зерттеулерге сараптамалық анықтамалар жасауға жетекшілік етті. Ұжымда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің үлгісін көрсетті. Өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын, бастаған жұмысын жақсы нәтижеге жеткізбей тынбайтын. Айналасына жақсы тілегі мен ниетін, жан шуағын таратып отыратын.

Жайдары мінезді, дархан пейілді, өз ісінің нағыз маманы, ұжымда абыройлы, ортасына сыйлы болған Шахарбан Өзбекбайқызының асыл бейнесі, аймағымыздың қоғамдық-саяси өмірінің өркендеуіне қосқан ерекше үлесі әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Бақұл бол, ардақты әріптес!

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұжымы

Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бүгінде бұл көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақытында немен айналысатынына бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне септігін тигізер еді. Психолог мамандардың зерттеуі бойынша жас баланың саналы азамат болып қалыптасуында оның отбасында, мектеп қабырғасында, көшеде көргендері маңызды. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін мектебімізде жыл басынан бері тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Аталған тақырып аясында сынып жетекшілері, тәрбиешілер бірлестігі тәрбие сағаттарын өткізіп, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын күнделікті жүргізіп отырады. Бұған қоса оқушылардың жат әрекеттерден аулақ болуы, үшін мамандармен кездесулер өткізілуде. Мысалы, «Нашақорлық – жанға қорлық» тақырыбында жастар денсаулық орталығы мамандарымен, «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында қалалық ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдеседі. Құқық бұзушылықтың алдын-алу аясында өткізілетін әрбір кездесуінде қалалық ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Бекжан Ахметов заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтындығын оқушыларымызға түсіндіріп отырады.

Тәрбие баланың туған сәтінен басталуы керек. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

«Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» – деген Мемлекет басшысы биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады.Ендеше өскелең ұрпақ тәрбиесімен осы кезден бастап айналысып, жасөспірімдердің болашағына дұрыс бағдар беріп өсіру біздің басты міндетіміз.

Ержан ТЕМІРОВ,
№8 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары

КӨЛІК НАРҚЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ?

Министрлік автонесие бағдарламасы аясында қолжетімді көліктер тізімін де жариялаған. Қазақстандық автосалондарда бағасы 10 млн теңге шамасында көліктің 3 маркасы мен 8 моделі бар. Бұл ретте отандық автоөндірушілер бұған дейін автокөліктерге жеңілдетілген несие аз берілгендіктен, оны алғандар аз болғанын айтуда. Бағдарлама аясында 4 проценттік жеңілдетілген несиеге көп қаржы бөлінсе, отандық көліктерге сұраныс артуы тиіс. Бүгінгі таңда осы бағдарламамен сатып алу үшін елімізде құрастырылған Hyundai, KIA, JAC, Chevrolet және LADA сияқты автомобильдер қолжетімді.

Дегенмен, тәуелсіз сарапшылар жаңа бағдарламаның іске қосылуы көлік бағасының артуына әкелуі мүмкін екенін де айтып отыр. Өйткені, құзырлы министрлік әзірге көлік құнын бірқалыпта ұстап қалу бойынша автоөндірушілермен ешқандай келіссөз жүргізбеген.

Айта кету керек, былтыр автосалондарда көлік бағасы 5 мәрте көтерілді. Мысалы, бағдарлама аясында қолжетімді Kia Rio автокөлігінің бағасы 7,4-9,5 млн теңге аралығында. 2015 жылы Kia Rio 2,9 млн теңгеден сатылған. Сондай-ақ, бұрын 3 млн теңге болған Hyundai Accent 6,7-7,8 млн теңге аралығында бағаланған. Бұл көліктер соңғы 4-5 жылда екі еседен астам қымбаттаған. Желі қолданушылары арасында жеңілдетілген несиеге өтінім беріп, кезекке тұру барысында да көптеген кедергілер бар екені айтылуда. Оған қоса, кәдеге жарату алымының мөлшері азайса, тұрғындарға шетелден көлік сатып алу әлдеқайда тиімді болмақ.

Қоғам белсенділері тарапынан мәселеге қатысты көптеген ұсыныстар айтылып келеді. Мысалы, утиль алымының мөлшері Еуропа елдеріндегі деңгеймен шамалас болуы керегі талай айтылды. Яғни, дамыған мемлекеттердегі көлемнен аспауы, көп дегенде 200 еуро шамасында болуы керек. Ал, ең арзаны нөл еуродан басталады. Мысалы, Германияда нөл мен жүз еуро айналасында, Бельгияда – 80 мен 200 еуро, Голландияда – 80 еуро, Жапонияда – 60 еуро. Теңгеге шаққанда көп дегенде 100 мың теңгенің айналасы.

Сырттан келген көлікті алғашқы есепке қою алымының да көлемі өте жоғары, орта есеппен алғанда – 1,5 миллион теңге шамасында. Одан кейінгі үлкен кедергі – техрегламент. Оған сәйкес Еуро-4, Еуро-5 стандарттарына сәйкес сертификат алуы керек. Белсенділер мұны өзге елдер тұтынбайтын, ойға сыймайтын стандарттар деп отыр. Егер осындай кедергілер алынып тасталса, жеңіл көліктің бағасы шамамен кемінде екі есе арзандауы мүмкін. Қазір 12-13 миллион теңге тұратын көліктер әрі кеткенде 5,5-6 миллион теңгеге түседі.

Бұл ретте жыл басындағы дерек бойынша еліміздегі автокөліктердің 50%-тен көбінің қолданыста жүргеніне 20 жылдан асқанын айта кеткен жөн. Сондықтан халық үшін құны 5-7 миллион теңгеден аспайтын отандық өндірістегі жаңа автокөлікті немесе шығарылған уақыты үш жылдан аспайтын көлікті сатып алу үшін ең төменгі процентпен немесе мүлдем процентсіз мемлекеттік несиелеу бағдарламасын құру ұсынылған болатын.

Әзірге, қоғам белсенділерінің қандай ұсыныстары ескерілетіні белгісіз. Уәкілетті мемлекеттік органдар жеңілдікпен автонесиелеудің жаңа бағдарламаларының 2 нұсқасын қарастырып жатыр. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз хатшысы Жанжігіт Омарханның айтуынша, бірінші нұсқада жеңілдікті несиелеуге 4 жылға (бірінші жылға – 30 млрд) бөлінген 150 млрд теңге бағыттау қарастырылуда. Несие беру шарттарын 2015 жылдан іске қосылған ескі бағдарламалармен бірдей етіп қалдыру ұсынылған. Екінші ұсынылып отырған нұсқа халықтың әлеуметтік осал топтарына бастапқы жарнасыз несие беруді қарастырады. Бұған дейін ҚР Премьер-Министрі атап өткендей, оған «ӨКМ операторы» компаниясында жиналған қаражаттан шамамен 100 млрд теңге бөлу ұсынылады.

Сондай-ақ, бір адамға берілетін несие шегін 7 млн теңге қылу бастамасы талқыланып жатыр. Бұл ұсыныс қабылдана ма, жоқ па, ол жағы экономикалық тиімділігі мен мақсатына байланысты айқындалады.

– Қалай болғанда да, екі нұсқа да қазіргі уақытта межесіне жеткен жоқ. Олар ҚР ИИДМ ұсынған түрде қабылданбауы да мүмкін. Сондықтан нақты шешімдер туралы айтуға әлі ерте. Жалпы алғанда, 2022 жылы барлық құжаттық және заңдық процестері аяқталғанда жеңілдікпен автонесиелеудің жаңа бағдарламасы іске қосылады, – дейді министрліктің баспасөз хатшысы.

Сондай-ақ, бұған дейін бағдарлама аясында көпбалалы аналарға, күштік құрылым қызметкерлеріне, дәрігерлер мен мұғалімдерге қосымша жеңілдік жасау көзделгені хабарланған. Дегенмен, оның шарттары да нақты айтылған жоқ.

1-бет

Жарнама. Жарнама. Жарнама
«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облыстық мәслихаты, Сырдария аудандық мәслихатының хатшысы Әжікенов Ержан Ертарғынұлына анасы
Бисариева Камал Айыпқызының
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы
Нұртаева Шахарбан Өзбекбайқызының
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Азаматтар ардақталса игі

– Ауған соғысына қатысқандарды насихаттау әлі де кемшін. Жас буынға олардың ерлігін дәріптеу үшін алдымен ардагерлерге жақсы жағдай жасалу керек емес пе? Жағдайы жоқ, бірақ соғыс көрген, қан кешкен әкелерінен үлгі алады деймісіз. «Ой, барды, соғысты, мүгедек болды, артынша оны соғысқа жіберген мемлекеті ұмытты. Бізге оның несін үлгі етеді? Одан да соғысқа не әскерге бармай-ақ тып-тыныш тіршілігімді істейін» дейтін жас балалар көбейді қазір. Бұл жерде өзінің Отанына деген сенім жоқ. Қару ұстап, елін қорғағанымен, оны ұлықтайтын мемлекет болмаса бәрі бекер. Сол кезде 18-20 жастағы біздің патриоттық сезімді бүгінгілермен салыстыра алмайсың, – дейді Қайраддин ағa.

Ардагердің айтуынша, мемлекет тарапынан ай сайын ардагерлерге 18 мың теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Бұл дәрі-дәрмек, моншаға түсу, шашын алдыру сияқты ұсақ-түйекті өтеу үшін бөлінеді-мыс. Сондай-ақ жергілікті бюджеттен жылына бір рет 30 айлық есептік көрсеткішпен жәрдемақы төленеді. Коммуналдық төлем не қоғамдық көлікте тегін жүрмейді. Соғыс мүгедектеріне ғана зейнетақы қарастырылған. Қол-аяғы сау болса да, ішкі жан-дүниесі аласапыран басқа ардагерлер бұдан мақұрым. Бұл қасіретті жылдардың бел ортасында жүрген азаматтардың барлық қажетін өтей алмасы белгілі.

– 2020 жылдың 6 мамырында шыққан заңның мазмұнын қараңызшы. Мұнда Ауған соғысының ардагерлерін екіге бөліп тастаған. Мысалы, соғыстан мүгедек болып оралғандар Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен теңестірілген. Статусы сондай. Өзіңіз білесіз, оларға мемлекет тарапынан берілген жеңілдік көп. Шипажай, кейбір төлемдердің тегін болуы, т.б. Ал екіншісі, яғни, оқ тимей аман-есен соғыстан келген ардагер бұл санатқа кірмейді. Сонда Құдай сақтап, оқ тимей келген солдаттың жазығы не? Жазығы – қанша ерлік көрсетіп, от пен оқтың арасынан аман-есен шыққаны. Чернобыль апатын жоюшыларды да дәл осылай бөліп қарастырған. Бұл іріткі емей немене? Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымызды да олай бөлмеді. Қазір ардагерлердің ұсынысымен бұл қайта қаралуда. Заң – бар адамзатқа ортақ болуы тиіс, – дейді Қ.Баймаханов.

Ойлап қарасақ, сол Ауған ардагерлеріне берілетін ай сайынғы 18 мың теңге өтемақы сол күйі өспеген. Расы сол. Ал инфляция құлаш ұрып, алға жылжуда. Баға күннен-күнге өсіп жатыр. Бұл ойланарлық жағдай емес пе? Шыны сол, берілген 18 мың теңге өтемақы ардагердің дәрісіне де жетпейді. Ардагер айтқан ашы шындық осы. Онсыз да жылма-жыл қатары сиреп бара жатқан ағалардың базынасы осы.

Ал келесі кейіпкеріміздің есімі – Меңлібек Құтпанов. Ауған соғысының соңғы жылдарында әскерге алынған. 1987 жылы Қызылордадан атанған 72 жігіттің бірі болған ол алдымен Ош, одан соң тәжік жері арқылы Памир таулы аймағына табан тірейді.

– Қаладан 60, Жалағаштан 12 жігітті қазан айының ішінде алып шықты. Арнайы 45 күндік дайындықтан соң шекара қызметіне кірістік, яғни ант қабылдаған соң біз шекарашымыз. Аз уақыттан соң Ауғанстанға кіруге ұсыныс айтылды. Оған да өзіміз сұранып, қол қойып, тіпті әскерден қайтарда Ауған жерінде болғанымыз туралы тіс жармаймыз деп ант бергенбіз. Жалпы соғыстағы біздің міндетіміз – қауіпсіздік қызметі. Алдыңғы шепте жүріп, жолды минадан тазалау, қауіпті нысандардың көзін жою. Артымыздағы қару-жарақ, азық-түлік, дәрі-дәрмек сияқты құнды заттардың белгіленген межесіне дейін қауіпсіздігін қадағалайтынбыз. Онда тек қирату, бүлдіру сияқты жұмыстар болған жоқ. Керісінше соғыс болған жерді қалпына келтіру, жолын дұрыстау, суын жүргізу сияқты құрылыс жұмыстары да белсенді жүргізілді, – дейді ардагер М.Құтпанов.

1989 жылы сондағы барлық әскер мен техниканы шығаруға атсалысқан Меңлібек ағаның елге оралған соң денсаулығы күрт нашарлап, емделуіне тура келген. Әрі соғыс жайлы тіс жармау, көрген қиыншылықты іште бүгу адам жүйкесіне үлкен салмақ еді.

– Айтуға болмайтын. Ауған соғысы жайлы ел-жұрт хабарсыз еді. Бұл туралы теледидар не БАҚ беттерінде мүлде айтылмады. Кейін бұл жайлы сөз біртіндеп шыға бастады. Халықтан жасыру мүмкін болмай қалғаны рас. Шыны керек, Тәуелсіздік алғаннан, 5-6 жылдан соң Ауғанстан соғысы, ондағы шындық біртіндеп айтыла бастады. Ол қасіретті жылдар ұмытылмауы тиіс. Бастысы, соғыста болған біздің жігіттер кез келген жас буынға үлгі боларлық қасиетімен ерекше. Олар сол құрметке лайық, – деп сөзін түйіндеді ол.

1-бет

Құрақта ұлт үні бар

Көшеден өтіп бара жатып көпқабатты тұрғын үйдегі «Керім сұлу» деген жазуға көзім түсті. Жақындап барсам, «Керім сұлу қыз жасауы» деп жазылған. Қыздарға арналған киім дүкені шығар деп бас сұқтым.

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Өзін Жанармын деп таныстырған замандасым жылы қарсы алды. Дүкеннің іші құрақ көрпешелер мен мамық жастықтарға, қыз жасауына толып тұр. Қиыстырып құрақ қиып, көздің жауын алатын ұлттық бұйымдарды тігуді апалы-сіңілі Жанар мен Шынар қолға алған.

– Анамыз бала күнімізден бізді қол қусырып отырмай, он саусағынан өнер тамған, жан-жақты, еңбекке бейім болып өскенімізді қалады. Үстімізге түрлі киім тігіп беретін. Бізге де ине ұстатып, құрақ құрауды, пішуді, тігуді, кестелеуді үйретті. Өз кәсібім болса деп армандайтынмын. Бірде жолым түсіп Англияға бардым. Мен олардың өнімдеріне қызықсам, олар біздің үстіміздегі ұлттық киімдерге қатты қызықты. Қайта-қайта ұстап көріп, қалай аталады, қалай тігілген деп таңғалды. Елордаға келгенде, дәл алдымда маңдайшасына «Кербез» деп жазылған ателье көрдім. Қазақ қызының нәзік образын беретін осы ат қатты ұнады. Қызылордаға келіп кәсіп ашу үшін қайтарымсыз грант іздедім. Ала алмадық. Өзіміз үш бөлмелі пәтерімізді тігін цехына айналдырдық. Үшінші қабатқа тай-тай мақта таситын едік. Бастапқыда тек бір ғана тігін машинамыз болды. Көрпеше, көрпе тігуге тапсырыс алдық. Күн-түн демей орындайтынбыз. Тігін тігіп отырып ұйықтап кететін кезіміз болды. Көршілердің мазасын алмауға тырыстық. Кейін ою қырқатын аппарат алдық, тігін машиналарымыз көбейе бастады, – дейді Жанар.

Шебер қыздар қайтарымсыз грант ала алмағандарын айтады. Жас әрі жұмыссыз болу керек деген шарттарына сәйкес келмепті. Кәсіпкер болу үшін табандылық қажет. Бұл қасиет кімнің бойында бар деген сауалымызға Шынар жауап берді.

– Бір анадан тусақ та, мінезіміз екі түрлі. Мен адамдармен көп араласқанды қаламаймын. Тұйықтаумын. Ал Жанар ашық-жарқын, қайтпас қайсарлығы бар. Өзің қарызға батып отырсың, кәсіпті қалай бастайсың деп бәріміз қарсы болдық. Сенбедік. Қолдамадық. Алған бетінен қайтпай, ізденіп «Даму» қоры арқылы үйімізді кепілге қойып, 14 млн теңге несие алды. Кепілге мүлік таппай біраз жүрдік. Қомақты қаржыны қалай қайтарамыз деп те қорықтық. Жанар батыл. Алған бетінен қайтпайды. Көп ұзамай ресми құжаттар менің атымнан рәсімделді. Бұл қаржыға ғимарат сатып алып, әрі дүкен, әрі тігін цехын ашып жұмыс істеп отырмыз, – дейді ол.

Жанар мен Шынар тұрмыста. Кішкентайлары бар. Ата-анасы, бауырлары, отбасымен бірге кәсіпті қатар үлгертіп отыр. Құрақ көрпе-көрпешелер – бүгінде әр шаңырақтың шырайы. Әдемі дүниені шығарудың ар жағында қажырлы еңбек пен төзім жатыр. Бүгінде олардың тігін цехында 7 тігінші жұмыс істейді. Өнімдерін Instagram желісі арқылы жарнамалап, еліміздің түкпір-түкпірінен тапсырыс алуда. Ісмер әпкелі-сіңілілер құрақ көрпеден құрақ кеудешеге дейін керемет бұйымдар тігуде. Арманы асқақ, жұмыссыз отырған қыз-келіншектерге тігін тігудің қыр-сырын үйретіп курс өткізбек. Болашақта бір атаумен балаларға арналған киімдер жинағын тіксек деп мақсат қойып отыр. Біз ұлттық бұйымдарды жаңғыртуды қолға алған қос қызға сәттілік тіледік.

SERGEK

Абзал үздік төрттікке енді

Бейжің Олимпиадасында шорт-тректен 500 метрге жүгіруден ерлер арасындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Финалдық сында қазақстандық Абзал Әжіғалиев та өнер көрсеткен болатын. Ақтық бәсекеде Абзал мәре сызығын төртінші болып кесіп, жүлдеге сынық сүйем жерден тоқтады. Аталған қашықтықта алтын жүлдені Венгрия, күмісті Ресей, қоланы Канада спортшылары иеленген.

Абзал Әжіғалиев қысқа қашықтықтарға жүгіруден әлем кубогінің жеңімпазы әрі бірнеше дүркін жүлдегері. Ол Сочи және Пхенчхан Олимпиадаларына қатысып, А финалына алғаш рет Бейжің ойындарында шыққан болатын. Әзірге Абзал қазақстандық шорт-трекшілердің Олимпиададағы ең ірі жетістігін тіркеп отыр. Бұған дейін отандық шорт- трек шеберлері Олимпиадада төрттікке енген емес.

Сондай-ақ, осыған дейін Әділ Ғалиахметов 1500 метрге жарысудан финалда бақ сынап, сегізінші орын алған болатын.

Абзал Әжіғалиев жарыстан соң берген сұхбатта финалда бар күшін салғанын айтты.

«Олимпиадаға іріктеу мен үшін қиын өтті. Себебі, осының алдындағы маусымды денсаулығыма байланысты дұрыс өткізе алмаған едім. Менің спорттағы ең үлкен арманым – шорт-тректі дамыту еді. Қазақ балалары қысқы спортта әлсіз деген стереотипті бұзғым келді. Біздің де коньки теуіп, сырғанай алатынымызды көрсеткім келді. Әлемде алғашқы ондыққа енеміз. Бұл дәстүр одан әрі жалғасарына сенемін», - деді Абзал.

Команда бас бапкері Мәдіғали Қарсыбеков «Абзал медальға қол созым жерден тоқтады. Біздің жігіттеріміз үшін 500 метр ең ыңғайлы қашықтық еді. Финалда қарсыластарын күтіп қалды деп ойлаймын. Егер бірден үшінші орынға шығып алғанда, сол орнын сақтап қалатын мүмкіндігі болатын. Бесінші орыннан қуып жету қиынға түсті, оның үстіне италиялық та біраз кедергі келтірді» деді.

Ұлттық құраманың алғашқы жеңісі

Футболдан Қазақстан құрамасы еліміздің легионерлер құрамасымен жолдастық кездесу өткізді. Нәтижесінде биылғы жылғы алғашқы жеңісіне қол жеткізді.

Ойын барысында ұлттық құрама қарсыласынан 2:1 есебімен басым түсті. Олардың қатарынан Асхат Тағыберген (5-минутта) және Оралхан Өміртаев (21-минутта) мергендігімен танылды. Оған легионерлер сапынан Кирилл Сидоренко 60-минутта жалғыз голмен жауап қайырды.

Айта кетсек, Қазақстан құрамасы 24 және 29 наурызда Ұлттар лигасында өтпелі кездесуін Молдоваға қарсы өткізеді. Алдымен қарсыластар алаңында шеберлік байқасса, одан кейін елордада тағы кездесу болады. Жеңімпаз құрама алдағы маусымда С лигасындағы орнын сақтап қалады.

«СБ» ақпарат

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Тұсаукесер – баланың өмір жолының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасалатын дәстүр. Қазіргі қазақ қоғамында баланың тұсауын кесуде көбіне ала жіп пайдаланады. «Жаным – арымның садақасы» дейтін қазақ жалған тіршіліктің ақ пен қарадан, қуаныш пен қайғыдан, адалдық пен арамдықтан, жақсы мен жаманнан тұратынын ескеріп, осы бір-біріне қайшы екі әлемнің ара-жігін ажырата алсын деген тілекпен ала жіппен кескен.

Тұсаукесер әшекейі

Оның астарында «біреудің ала жібін аттама, бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген тоқтам жатыр. Ең құрығанда бұзауға бас жіп болады деп, дүниенің ең азы – біреудің бір құлаш жібіне қызықпа, ондай арам ойынды тұсауыңдағы жіпті кескендей шорт кесіп отыруға тырыс деген астарында үлкен философия жатыр. Ертеректе баланың тұсауын өріліп-есілген көк шөппен, малдың тоқ ішегімен де кескен. Көп шөппен кесудің түбінде «ұрпағым көбейсін, өніп-өсіп, көктеп-көгерсін» деген тілек жатыр. Ал, тоқ ішекпен кесу «баланың өмірі тоқшылықта, молшылықта өтсін» деген ниетке саяды.

Баланың тұсауын арнайы әшекей тағып та кескенін білесіз бе? Тұсаукесер әшекейі – қазақ халқының ұмыт қалған этнографиялық бұйымы. Әдетте мұндайды бай-бағландар зергерлерге арнайы тапсырыспен дайындатқан. Тұсаукесер әшекейі бай-қуатты адамдардың дәулетінің көрсеткіші саналатын. Көп жасалмағандықтан, өте сирек кездеседі.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің этнографиялық зерттеулері нәтижесінде ұмыт қалған бұйым қайта жаңғырып, облыстық музей директоры Сапар Көзейбаевтың қолдауымен музей қорын толықтыру үшін әшекейдің жаңғыртылған нұсқасы арнайы жасатылды. Әшекей XIX ғасырда тұсаукесер дәстүрінде пайдаланылған. Қазақ халқы үшін тазалықтың символы саналатын күміс металдан соғылған. Түрлі асыл тастармен әрленген. Күміс қоңыраушалармен безендірілген. Бала туған жердің топырағын алғаш тәй-тәй басқанда күміс қоңыраушалар сылдырлап, бүкіл әлемге қазақ баласының алғашқы қадамын жар салып тұрғандай әсер қалдырған.

Музей қорындағы тұсаукесер әшекейінің қос шеңбері таза күмістен соғылған. Беткі бөлігіндегі арнайы көзге қызыл ақық (сердолик) орнатылған. Бұл – әшекейге сәндік беру әрі баланы тіл-көзден сақтау үшін жұрт назарын аудару. Екі шетінде екі-екіден төрт салпыншағы бар. Әр салпыншаққа үш-үштен бағалы тастар ілінген. Үлкендеу тас – қызыл маржан (коралл), кішілеу тас – қызғылт маржан (коралл), ең кішкентай қоңыр түсті жылтыр тас – алтын ақық (сердолик). Шеңбер диаметрі – 5,5-6 см. Әшекей тұсауы кесілетін баланың екі аяғына кигізіледі. Кигізуге ыңғайлы болуы үшін жанында ашылып-жабылатын арнайы ілгегі бар. Қос шеңбер баланың аяғына кигізіліп, арасына ала жіп байланады. Ұмыт қалған бұйымды Сыр елінің тумасы, елге белгілі ұста-шебер Бекзат Жақыпов бұрама, соғу, дәнекерлеу техникасымен жасаған. Қазіргі таңда тұсаукесер әшекейі облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Этнография» залы экспозициясына қойылып, халық назарына ұсынылып отыр.

Әйгерім СЕЙІТБЕККЫЗЫ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

ТАНЫМ

ШАМДАР МЕРЕКЕСІ

Қытай елінде ай күнтізбесі бойынша жаңа жылдың он бесінші күні «Юаньсяоцзе» шамдар мерекесі атап өтіледі. Халық түнде Жаңа жылдың алғашқы айын қарсы алады. Шам мерекесінің екінші атауы – Дэнцзе.

Думанды мерекені атап өту үшін екі күн үлкен дайындық жүргізіледі. Он үшінші күнін «Шамдарды ұсыну күні» деп атайды. Бұл күні кез келген дүкендерде әртүрлі пішіндегі шамдар тізіліп, әр тұтынушы өз талғамы бойынша таңдай алады. Ал он төртінші күнін «Шамдарды тексеру күні» деп атайды. Бұл күні қала көшелері мен аудандары безендіріліп, басты мерекеге дайындық жүргізеді.

Мерекенің шығу тарихы – Хань заманында Қытай елін жаппай буддизм жаулаған кезде император будда монахтарының медитациялық рәсімдерін көреді. Олар ай күнтізбесі бойынша он бесінші күні Будданың құрметіне шамдар жағады. Мұны білген император барлық ғибадатханалар мен сарайларда шам жағуды бұйырады. Уақыт өте келе бұл рәсім күллі Қытай еліне таралып, қарапайым халық тарапынан қолдау табады. Содан бері Қытайдың барлық аймағында мереке жыл сайын тойланады.

Бұл мейрамда күріш ұнынан пісірілген кішкентай домалақ пішінді нан юаньсяо тағамы дайындалады. Қамыр ішіне құрма мен түйе бұршақ езбесі, жер жаңғақ, күнжіт, қант майын қосады. Бұл тағамды буға пісіріп, кейін бір қуырып алады. Кішкентай тәтті домалақтарды таньюань деп те атайды.

Осы күні қала көшелерінде мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Өнерпаздар айдаһар немесе жолбарыс бейнесіндегі шамдармен би билеп, ағашаяқпен жүреді. Шамдармен қатар, бұл мерекеде аспанға отшашулар атылады. Сондай-ақ, ірі қалаларда айдаһар түрінде үлкен шаммен шеру өтеді. Шерудің басында үлкен дөңгелек шам болады, ал айдаһар осы шамның артында қозғалады. Мұндағы айдаһар бұлттар мен жаңбырды бейнелейді. Сонымен қатар, Қытай халқының наным-сенімдеріне байланысты жаңа жылда қайтыс болған ата-бабалардың жаны мерекені туыстарымен қарсы алу үшін жерге түседі және шамдар мерекесінің арқасында олар қайтып оралады.

Бұдан кейінгі екі күн – «Шамдардың жанып бітуі» мерекесі. Бұл күндері мерекеден қалған барлық шамдар жанып бітуі тиіс. Он сегізінші күн «Шамдарды алып тастау күні» деп аталады. Қала көшелері мен аудандарындағы безендірілген барлық шамдар алынып, сауда нүктелерінде оларды сату тоқтатылады.

Аружан ЕРАЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26333 Тапсырыс №217 | Кезекші редактор Гүлбану МАҚАЖАН